

"Азаматтық қызметші болып табылатын және Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының мәслихатының 2019 жылғы 29 сәуірдегі № 34/3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2021 жылғы 8 желтоқсандағы № 9/6 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 22 желтоқсанда № 25917 болып тіркелді

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Азаматтық қызметші болып табылатын және Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының мәслихатының 2019 жылғы 29 сәуірдегі № 34/3 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5382 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Азаматтық қызметші болып табылатын және Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандарға, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыланатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін."

2. Осы шешім алғашқы жариялаған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК